Қазақ футболының болашағы ауылда жатырма?

Ауылда, қарапайым, екі қышты қақпа қылып, доп қуған балалар жетерлік. Олардың арасында ертең Еуропаны шулататын, Қазақстан ұлттық құрамасының жейдесін киетін футболшы шығуы мүмкін. Бірақ сол таланттың кәсіби футболға жетуіне мүмкіндік барма?

Ауылда талант көп, мысалы ұлттық құраманың және Қайрат футбол клубының ойыншысы Еркін Тапалов, «Қазақтың Мессиі» атымен танылған, жұлдыздай жарқырап, жасындай сөніп қалған Еркебұлан Сейдахмет, Жасұлан Әмір, Исламбек Қуат және т.б. Осы аталған футболшылардың бәрі өз еңбегінің арқасында биік шыңға шыққан. Олар қалаға көшкен, сапалы алаңдарда күні түні тынбай жеке шеберліктерін дамытқан. Бұл дегеніміз ауылда талант көп бірақ сапалы алаң аз, жаттықтырушы жетіспейді.
Және ең бастысы футбол скауттарының көзіне түсу үшін , жарыстарға қатысу мүмкіндігі шектеулі. Кәсіби академияларға бару қиын. Мысалы: Еркін Тапалов
Тасқала ауылында футболға қызығып , алғашқы бапкері Мағзом Есқалиев екеуі,
9 сыныпқа дейін ауылда ойнап, кейін Оралға барып «Ақжайық» клубында жаттығуын жалғастырған. 2011 жылы 17 жасында алғашқы кәсіби келісімшартына қол қойған.
Тағы бір мысал Рауан Сариев.
Ол Бақтыбай ауылында өскен, ауылында спорт мектебі болмағандықтан, аудан орталығындағы спорт мектебіне күн сайын жаяау барған. 15 жасында «Оле Бразил» академиясына барып, кейін сол кездегі Бразилияның мықты клубтарының бірі «Атлетико Минерио» клубына шақырылған.
Бұл туралы Бақтыбай ауылының әкімі Айдын Исабеков:
«Рауанның жетістігі ең алдымен әкесінің еңбегі. Рауанның спорт мектебі ауылда болмағандықтан аудан орталығына күн сайын барып жүргенін әкесі қатаң бақылаған» деп айтқан.
Әкесі Ерлан Сариев:
«Мен балаларымды өте қатты жаттықтырғанмын» деген. Яғни ауылда бапкер болмағандықтан әкесі өзі бапкер болған.
Рауан Сариевтің жетістігі жеке таланттың нәтижесі емес, оның артында баласын күн сайын жаттықтырған әкесі, аудан орталығына дейінгі ұзақ жол тұрды.
Әлемге әйгілі 2018 жылғы алтын доп иегері

Лука Модрич, Испания футболының аңызы Инеста, Әлем чемпионы Томас Мюллер, қазіргі таңдағы әлемнің үздік ойыншыларының бірі Луиз Диас және т.б футшылар ауылдан шыққан.Олардың да шығу ертегілері өте қызық мысалы Лука Модрич соғыс кезінде шағын ауылдан доп теуіп , әлемдік деңгейдегі футболшыға айналды.

Шотландия футбол қауымдастығының CIES зерттеуінде, үздік футболшылардың басым бөлігі ірі мегаполистерден шықпайтыны, ал керісінше шағын және орта ауылдардан шыққандардың үлесі жоғары екені көрсетілген. Әсіресе 100 мыңнан аз халқы бар елді мекендердегі ауыл аймақтарында.

Футболдағы «birthplace effect» басылымы 14 ғылыми зерттеуді қарастырған. Нәтижесінде таланттың қалыптасуына туған жерінің халқ саны, халық тығыздығы және спорттық инфрақұрылым әсер ететіні анықталған

Ауыл мен қаланың айырмашылығы .

Қалада академия(Қайрат,Астана,Тараз,Жайық,
Елімай,Атлетико Мадрид, ПСЖ т.б) жаттықтырушы көп. Ең бастысы не бір түрлі турнир көп. Ал ол турнирлерде осы айтылған академиялардың немесе клубтың скауттарының кем дегенде 1 еуі болатыны анық. Мысалы: Бауыржан Исламхан осындай турнирдің бірінде көзге түсіп, есік алдында футбол ойнап жүрген жерінен Қайрат футбол клубына қабылданады.

Ауылда
Ауылда талант бар бірақ мүмкіндік аз.
Кейбір ауылдарда газонда жоқ. Балалар көрші ауылға барып немесе көше футболын ойнайды. Ауылды нашар деп айтуға келмейді дегенімен ауылда футбол скауттарының жүрмейтіні рас. Демек  Қазақстан футболының болашағын тек қалалардан іздеу дұрыс емес. Ауылдарда үлкен таланттар бар. Ең бастысы сол таланттарды уақытылы байқап, мүмкіндік беру маңызды.